1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/  
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

**Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы**

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

Kapital.kz – <https://kapital.kz/finance/116355/tsifrovoy-proryv-kak-halyk-prodvigayet-sya-v-tsifrovom-kreditovanii-too.html>

5. Цифровая трансформация в финансовом секторе Казахстана / Ranking.kz – <https://ranking.kz/reviews/banking-and-finance/tsifrovaya-transformatsiya-v-finansovom-sektore-kazahstana-obespechila-razvitie-malogo-i-srednego-predprinimatelstva.html>

6. Концепция развития финансового сектора до 2030 года / Национальный банк РК – <https://vecher.kz/ru/article/predstavlena-konsepsiia-razvitiia-finansovogo-sektora-kazahstana-do-2030-goda.html>

7. Фонд развития предпринимательства «Даму» / Википедия – <https://ru.wikipedia.org/wiki/Даму>

8. Финансовая отчетность АО «Halyk Bank» за 2022 год – <https://halykbank.kz/storage/app/media/Investoram/2023/3/ruskonsolidirovannye-finansovye-rezultaty-za-god-zakonchivshiysya-31-dekabrya-2022g.pdf>

9. Финансовая отчетность АО «Halyk Bank» за 2023-2024 год – <https://halykbank.kz/storage/app/media/Investoram/2024/3/rushsbkpress-relizkonsolidirovannye-finansovye-rezultaty-za-god-zakoncvsiisia-31-dekabria-2023g.pdf>

ӘОК 368 (574)

## **ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ҚАМСЫЗДАНДЫРАТЫН НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРДІ ТАЛДАУ**

**Айтимова Шынар Турсынхановна**

[sakosh22022016@gmail.com](mailto:sakosh22022016@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қаржы кафедрасы, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., профессор М.Т. Жоламанова

Қазақстан Республикасында жан-жақты әлеуметтік сақтандыру жүйесін қалыптастыру үшін ең алдымен тиісті заңнамалық база қажет болды. Бұл ретте негізгі құқықтық негіз болып 2005 жылғы Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңы танылды (бүгінгі таңда күшін жойған) [1]. Аталған заңда әлеуметтік тәуекелдерді міндетті сақтандырудың құқықтық, ұйымдастырушылық және қаржылық тетіктері айқындалған. Заң аясында әлеуметтік аударымдарды жинақтап, әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуді ұйымдастыратын арнайы мемлекеттік орган – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (МӘСҚ) белгіленді.

Қазіргі уақытта халықты әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау тетіктері Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Әлеуметтік Кодексімен реттеледі [2].

Қазақстан Республикасында еңбекке уақытша жарамсыздық тәуекелін міндетті сақтандыру нарықтық экономика жағдайында құрылған әлеуметтік қорғау жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл сақтандыру түрі 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылуда. 2004 жылдан бастап жұмыс істейтін сақтандырушы ұйым – МӘСҚ – мемлекетке толық тиесілі акциялар пакеті бар акционерлік қоғам мәртебесіне ие. Қордың негізгі міндеті – еңбекке уақытша жарамсыз болған кезеңде әлеуметтік қорғауға мұқтаж еңбек етуші халықтың материалдық қамтамасыз етілуін қамтамасыз ету.

МӘСҚ әлеуметтік аударымдарды жинақтап, жәрдемақыларды «Мемлекеттік әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық төлеу орталығы» арқылы төлейді, сондай-ақ қор өзінің активтерін басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен тығыз қарым-қатынас орната отырып, инвестициялық қызметпен айналысады. Қордың қаржылық ресурстары заң бойынша міндетті әлеуметтік аударымдарды жүзеге асыратын сақтандырушылар есебінен қалыптастырылады. Уақытша еңбекке жарамсыздық тәуекелі туындаған жағдайда Қор сақтандырылған тұлғаларға төлемдер жүргізеді.

2005 жылғы 1 шілдеден бастап қабылданған тұжырымдамаға сәйкес, «Қызметтік

(еңбек) міндеттерін орындау барысында болған жазатайым оқиғалардан қызметкерлерді міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді [3]. Бұл заң бойынша сақтандырудың объектісі – өндірістік жарақат салдарынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу немесе қайтыс болу жағдайында сақтандырылған тұлғаның және оның отбасының мүліктік мүдделері болып табылады. Жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыру шарттық негізде жүзеге асырылады. Аннуитеттік келісім-шарт жұмыс беруші мен МӘСҚ арасында жасалады. Жұмыс беруші ұйым таратылған немесе жазатайым оқиға үшін кінәлі деп танылған жағдайда, аннуитет шарты МӘСҚ пен зардап шеккен қызметкер немесе оның отбасылық мүшесі (қаза болған жағдайда) арасында жасалады.

Заңмен қауіптілік деңгейі бойынша 22 кәсіптік сынып белгіленген. Сақтандыру жарнасының мөлшерлемесі 0,12%-дан 2,96%-ға дейін белгіленген. Жарна төлеудің базалық негізі – еңбек ақысы бойынша төленетін табыстар. Сақтандыру жағдайына еңбекке қабілеттіліктің жоғалу деңгейінің белгіленуі, кәсіптік ауру немесе қызметкердің қаза табуы жатады. Осы оқиғалар бойынша табыстан айырылуға, қаза болуға және денсаулыққа келтірілген залалдарды өтеуге байланысты сақтандыру төлемдері жүзеге асырылады. Бұл төлемдердің мөлшері МӘСҚ-тан төленетін уақытша еңбекке жарамсыздыққа байланысты әлеуметтік жәрдемақының көлеміне байланысты азайтылады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау жүйесіндегі маңызды қаржылық сектор – зейнетақымен қамсыздандыру болып табылады. 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заң 1998 жылдың басынан бастап күшіне енді. Осылайша, Қазақстан ТМД кеңістігінде жинақтаушы-компоненттік үлгіге негізделген зейнетақы жүйесіне көшкен алғашқы мемлекет болды. Бұл жүйе чилилік зейнетақы реформасының тәжірибесіне сүйенді.

1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушілер қызметкерлерінің жалақысынан 10% көлемінде міндетті жинақтаушы зейнетақы жарналарын аударуды бастады. Жұмысшыларға өз еркімен зейнетақы жарналарын төлеу мүмкіндігі де берілді. Алғашқы міндетті зейнетақы жарнасы 1998 жылғы 19 қаңтарда Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына түсті. Жекеменшік жинақтаушы зейнетақы қорларына да нарыққа шығуға рұқсат берілді. Қызметкерлердің өтініші негізінде олардың жарналары тиісті жеке жинақтаушы зейнетақы қорларына бағытталды.

2013 жылғы қаңтардан бастап жұмыс берушілер зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлер үшін кәсіби зейнетақы жарналарын өз қаражаты есебінен ерікті түрде аударып бастады. 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап бұл жарналар міндетті сипатқа ие болды.

2001 жылдан бастап қолданысқа енгізілген халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы зейнетақы жүйесін жетілдіруді көздеді. Бұл тұжырымдама бір жағынан ынтымақтастық принципіне негізделген жүйе арқылы төленетін зейнетақының мөлшерін арттыруды және оларды тұтыну бағаларының өсуіне байланысты индекстеуді көздесе, екінші жағынан жинақтау принципіне негізделген жаңа зейнетақы жүйесін енгізу арқылы зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігін мемлекет, ұйымдар мен үй шаруашылықтары арасында қайта бөлуді мақсат етті.

2013 жылғы 21 маусымда жаңа «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заң қабылданды [4]. Осы заңға сәйкес, Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры негізінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) құрылды. Жеке зейнетақы қорларындағы жинақтар БЖЗҚ-ға берілді, бірақ олардың қызметі жалғасын тапты. Азаматтар өз қалауы бойынша жеке зейнетақы қорларына жарна аударуды жалғастыра алады.

2014 жылы үкімет 2030 жылға дейінгі зейнетақы жүйесін жаңғырту тұжырымдамасын қабылдады. Бұл құжатта зейнетақы реформасының отандық тәжірибесі мен әлемдік үрдістерге негізделген ұлттық зейнетақы жүйесін дамытудың басым бағыттары мен қаржылық тетіктері айқындалды.

2018 жылдан бастап зейнетақы жүйесіне шартты-жинақтаушы компонент енгізілді. Бұл жаңашылдық еңбек берушілер мен қызметкерлер арасындағы жаңа қаржылық қатынастарды туындатты. Жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен БЖЗҚ-ға қызметкерлердің зейнетақы жарналарын аудара бастады. Бұл жарналардың мөлшері – еңбекақының 5%-ы. Әрбір сақтандырылған тұлға үшін БЖЗҚ жеке зейнетақы шотын ашады. Шотта шартты зейнетақы міндеттемелері жинақталады. Капиталдандырылған жинақтар бойынша төлемдер зейнеткерлік жасқа жеткеннен кейін жүзеге асырылады. Шартты түрде еңбекке жарамсыз деп танылған тұлғалар, егер жүйеге кемінде бес жыл қатысқан болса, зейнетақы төлемдерін кез келген жаста ала алады.

Көрсетілген көмек түрлері мемлекет кепілдік берген тегін көмек көлеміне кірмеуге тиіс. Сақтандырылушыларға көрсетілген қызметтерге ақы төлеу ай сайын көрсетілген қызметтердің актілеріне сәйкес бекітілген тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан денсаулық сақтау министрлігі 2018 жылы денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналымы саласындағы субъектілерге фармацевтикалық қызметтердің құнын төлеу қағидаларын әзірлеп, бекітті. Мемлекеттік стандарттар бойынша медициналық көмекке ақы төлеу оның сапасына және заңнамада көзделген басқа да параметрлерге мониторинг жүргізуді алдын ала белгілейді. Ең жалпы түрде ҚР Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 - Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесі: нормативтік-құқықтық және институционалдық негіздер

Әлеуметтік сақтандыру түрі	Заңнама	Сақтандырушы	Сақтандыру төлеушілер	Сақтандырылғандар	Сақтандыру өтемақысының нысаны
Уақытша еңбекке жарамсыздық, ана болу және жұмыссыздықты сақтандыру	ҚР 2023 ж. Әлеуметтік кодексі	«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ (мемлекеттік корпорация)	Жұмыс берушілер; жеке кәсіпкерлер және өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар (өзін-өзі сақтандыру тәртібімен)	ҚР аумағында тұратын және еңбек қатынастарында тұрған барлық тұлғалар	Келесі жағдайларда әлеуметтік төлем: – еңбекке жарамсыздық; – асыраушысынан айырылу; – жұмыссыз қалу; – жүктілік пен босану; – жаңа туған баланы асырап алу; – балаға 1,5 жасқа дейін күтім жасау
Өндірістік жазатайым оқиғалардан сақтандыру	ҚР 2005 ж. «Қызметтік міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Заңы	Сақтандыру компаниялары, аннуитеттік сақтандыру және өндірістік жарақаттан міндетті сақтандыру бойынша	Жұмыс берушілер	ҚР аумағында тұратын және еңбек қатынастарында тұрған барлық тұлғалар	Ай сайынғы сақтандыру төлемі

	ҚР Азаматтық кодексі	лицензиясы бар заңды тұлғалар			
Жинақтаушы зейнетақы сақтандыруы	ҚР 2023 ж. Әлеуметтік кодексі	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	Жұмыс берушілер; жұмыскерлер; жеке кәсіпкерлер және өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар (өзін-өзі сақтандыру тәртібімен)	ҚР аумағында тұратын және еңбек қатынастарында тұрған барлық тұлғалар	Зейнетақы төлемі
Медициналық сақтандыру	ҚР 2015 ж. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңы ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі ҚР ДСМ 2018 ж. 20 наурыздағы №138 бұйрығы	«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ	Жұмыс берушілер; мемлекет; жеке кәсіпкерлер және өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар (өзін-өзі сақтандыру тәртібімен)	ҚР аумағында тұратын және еңбек қатынастарында тұрған барлық тұлғалар	Сақтандырылған тұлғаларға медициналық қызметтер көрсету
Ескерту - Қазақстан Республикасының заңнамалары негізінде дереккөздер [16-19] бойынша автормен құрастырған					

Осылайша, Қазақстанда ынтымақты-бөлу, шартты-жинақтаушы және жинақтаушы элементтерді қамтитын көпдеңгейлі зейнетақы жүйесі қалыптасты. Зейнетақы екі арна бойынша төленеді: республикалық бюджеттен – барлық зейнеткерлерге арналған базалық зейнетақы (оның ең жоғарғы мөлшері күнкөріс деңгейіне тең) және БЖЗҚ-дан – міндетті жарналар мен республикалық бюджеттен тікелей қаржыландыру арқылы төленетін ынтымақты зейнетақы. Соңғысы 1998 жылға дейін кемінде жарты жыл еңбек өтілі бар, сондай-ақ одан кейін де еңбек қызметін жалғастырған тұлғаларға арналған. Ынтымақты жүйе қоғамда тиісті құқыққа ие тұлғалар қалғанша қолданыста болады.

Қазақстанда әлеуметтік қорғау жүйесіне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу процесі 2015 жылғы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес басталды [5]. Алайда бұл жүйенің толық іске қосылуы 2020 жылға шегерілді. Алғашқы кезеңде жұмыс берушілерден 1,5% мөлшеріндегі жарналар Медициналық сақтандыру қорына түсіп отырды. Жарналар барлық ұйымдық-құқықтық нысандардағы заңды тұлғаларға міндетті болды. 2020 жылы тариф 0,5 пайыздық тармаққа артты.

Бұл реформаның қажеттілігі денсаулық сақтау саласының ұзақ жылдар бойы қаржылық тапшылыққа ұшырауымен байланысты. 2016 жылдан бастап 550 млрд теңге көлемінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қаржыландыруда тапшылық байқалды. Бұл жетіспеушілік жоғары технологиялық медициналық қызметтер, кеңестік-диагностикалық қызметтер, амбулаториялық-дәрілік қамтамасыз ету және медициналық персоналдың әлеуметтік жағдайын жақсарту секілді бағыттарда сезілді. 2016 жылы үй шаруашылықтарының медициналық қызметтерге жұмсаған шығындары 0,5 трлн теңгеден асты.

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде шығындардың тек 25%-ы ғана өтелді. Соның нәтижесінде жеке тұлғалардың үлесі 2010 жылғы 30%-дан 2016 жылы 40%-ға өсті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл шығындарды кедейшілікке әкелетін және денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіретін фактор ретінде қарастырады. Бұл тұрғыда ЭЫДҰ елдерінде жеке шығындар тек 16,3%-ды құрайды.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды денсаулық сақтау жүйесінің қаржыландыруына енгізудің мақсаты – медициналық көмекті қаржыландыру көлемін арттыру арқылы оның сапасын және қолжетімділігін жақсарту. 2020 жылдан бастап еңбекке қабілетті халықтың сақтандыру жарналары 2% деңгейінде белгіленді. Жұмыс берушілер де 2% мөлшерінде жарна төлейді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін тариф – ең төменгі жалақының 5%-ы. Бірқатар санаттар жарна төлеуден босатылған (мысалы, әскери қызметшілер). Мемлекет 15 санаттағы азаматтардың (балалар, зейнеткерлер және т.б.) сақтандырушысы ретінде әрекет етеді, бұл үшін тариф орташа жалақының 1,6%-ы мөлшерінде белгіленген. Басқа санаттарға жатпайтын тұлғалар 5% мөлшерінде дербес жарна төлей алады.

Жарналар Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында (ӘМСҚ) жинақталады. Қор жалғыз құрылтайшысы – мемлекет болып табылатын акционерлік қоғам. Қордың басты мақсаты – пайда табу емес, бірақ пайда алуға құқылы. Заңға сәйкес, сақтандырылған азаматтар медициналық көмекті ӘМСҚ мен медициналық мекеме арасында жасалатын арнайы шарт негізінде алады. Бұл шарт – сатып алу шарты деп аталады. Медициналық қызметтің бағасы мемлекеттік тарифтермен анықталады. Қызмет көрсету актілері тараптармен келісіліп, Қор тарапынан төленеді. Қор инвестициялық қызметпен айналысуға құқылы. Бұл бағытта Қордың сенімді басқару агенті – ҚР Ұлттық банкі. Банктің Қор алдындағы есептілігі тоқсан сайын жүзеге асырылады және қаржылық активтердің құрылымы мен инвестициялық табыс көлемін қамтиды.

Осылайша, Қазақстан кеңестік кезеңде жинақтаған әлеуметтік қорғау жүйесінің тәжірибесін заманауи әлеуметтік сақтандыру институтын құруда тиімді пайдаланды. Халықты әлеуметтік қорғаудың қаржылық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік сақтандыру келесі салаларды қамтиды: уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздықты (оның ішінде жас бойынша) сақтандыру, асыраушысынан айырылуды сақтандыру, жұмыссыз қалу тәуекелін сақтандыру, ана мен баланы қорғау, медициналық қызметтерге шығындар тәуекелін сақтандыру, өндірістік жарақат пен кәсіби ауруларды сақтандыру.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік қамсыздандыруды реттеуге бағытталған заңнамаларды талдау бұл қаржылық тетіктің әлеуметтік қорғау қаржы жүйесіндегі елеулі рөлін көрсетеді. Республикалық бюджеттен еңбекке қабілеттілігі шектеулі және әлеуметтік осал жағдайдағы азаматтар қатарына жататын кең ауқымдағы тұлғалардың материалдық әл-ауқатын қолдауға қомақты қаржы бөлінеді. Бұл тұлғалардың әлеуметтік мәртебесі олардың еңбекке жарамдылық деңгейінің төмендігі мен әлеуметтік қорғалмаушылығын ресми түрде айқындайды. Мұндай азаматтардың өмір сүру сапасына қоғамның ұжымдық жауапкершілігін мемлекеттік деңгейде мойындау Қазақстанды әлеуметтік қорғау саласында озық мемлекеттердің қатарына қосады.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 286-VI ҚРЗ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексімен

2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІ. Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі.

3. Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы N 30 Заңы.

4. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексімен.

5. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ.

УДК 336.1

## **СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ФИНАНСОВОГО АНАЛИЗА В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ**

**Айтмұхамедғали Қасымхан Берікұлы**

[aitmukhamedgalikb@my.msu.ru](mailto:aitmukhamedgalikb@my.msu.ru)

магистрант 1 курса, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Бұлақбай Ж.М.

В условиях динамичной рыночной среды умение своевременно оценивать ключевые экономические параметры играет ключевую роль в достижении успеха компании. Постоянный мониторинг тенденций, рисков и перспектив осуществляется с помощью инструментов финансового анализа, который стал неотъемлемой частью системы управления предприятием. Помимо оценки текущего положения компании, комплексный финансовый анализ позволяет прогнозировать будущие финансовые потоки, выявлять уязвимые места и определять возможности для роста. Развитие цифровизации создало необходимость в модернизации традиционных методов финансового анализа [1]. Причем в большей степени это связано не с заменой традиционных методов, а с их интеграцией с цифровыми технологиями, такими как искусственный интеллект, машинное обучение, блокчейн, роботизированная автоматизация процессов и другие современные решения, что существенно повышает их точность, скорость и аналитическую ценность. В результате роль финансового анализа в управлении предприятием значительно возросла, поскольку он стал не только инструментом оценки, но и механизмом стратегического планирования.

Современный подход к финансовому анализу предполагает всестороннее исследование финансового состояния предприятия с целью оценки его стабильности и эффективности работы в условиях рисков и неопределенности [2]. С практической точки зрения, финансовый анализ предприятия – это трансформация финансовых отчетных данных в ценную информацию для бизнеса. Для достижения этой цели применяются различные методологические подходы. В работах В. Р. Банка и других исследователей подчеркивается, что в финансовом анализе нашли широкое применение методы, такие как горизонтальный и вертикальный анализ, позволяющие оценить динамику и структуру финансовых показателей, трендовый анализ для выявления долгосрочных изменений, сравнительный анализ, применяемый для сопоставления с отраслевыми и конкурентными показателями, факторный анализ, раскрывающий влияние отдельных элементов на общий финансовый результат, а также анализ относительных показателей, основанный на расчетах финансовых коэффициентов. [3]

Цифровизация значительно трансформирует большинство этих методов, хотя степень её влияния определяется их спецификой. Так, факторный анализ может быть